«ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚЫЗЫЛОРДА ҚАЛАСЫ БОЙЫНША БІЛІМ БӨЛІМІНІҢ «МҰХАМЕДҒАЛИ СУЖИКОВ АТЫНДАҒЫ №6 ОРТА МЕКТЕБІ» КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ «СРЕДНЯЯ ШКОЛА №6 ИМЕНИ МУХАМЕДГАЛИ СУЖИКОВА» ОТДЕЛА ОБРАЗОВАНИЯ ПО ГОРОДУ КЫЗЫЛОРДА УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ КЫЗЫЛОРДИНСКОЙ ОБЛАСТИ

БҰЙРЫҚ № 630н/к
« 31 **»** 08 **2026 жыл**

2026–2027 оқу жылында мектептің терроризмге қарсы қорғалуын қамтамасыз ету, өткізу режимін (турникет) ұйымдастыру және тыйым салынған заттардың кіргізілуін шектеу туралы

«Терроризмге қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 10-3-бабына, «Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 82) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 30 наурыздағы № 117 бұйрығымен бекітілген «Білім беру саласындағы террористік тұрғыдан осал объектілердің терроризмге қарсы қорғалуын ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулыққа», Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 25 мамырдағы № 235 бұйрығымен бекітілген «Білім беру ұйымдарына және олардың аумақтарына әкелуге тыйым салынған, оларда пайдаланылуы шектелген нәрселер мен заттардың тізбесіне», сондай-ақ жаңа 2026–2027 оқу жылында мектеп оқушылары мен қызметкерлерінің өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігін қамтамасыз ету, ғимаратқа бөгде адамдардың заңсыз кіруін болдырмау мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Мектепте терроризмге қарсы қауіпсіздік шараларын ұйымдастыруға, өткізу режимінің сақталуына және техникалық қауіпсіздік құралдарының үздіксіз жұмысына жалпы жауапты болып директордың шаруашылық ісі жөніндегі орынбасары Б.Салжекенов және алғашқы әскери және технологиялық дайындық (АӘТД) оқытушы-ұйымдастырушысы С.Жұмахметов тағайындалсын.

2. 2026–2027 оқу жылына арналған Мектептің өткізу және ішкі объектілік режимі туралы қағидасы осы бұйрықтың 1-қосымшасына сәйкес бекітілсін.

3. Мектеп ғимаратының кіреберісіндегі өткізу режимін (турникет жүйесін) ұйымдастыру бойынша:

- Білім алушылар мен мектеп қызметкерлерінің ғимаратқа кіріп-шығуы тек электрондық өткізу жүйесі (турникет, дербес карта) арқылы жүзеге асырылсын;
- Ата-аналар мен өзге де келушілер (бөгде тұлғалар) ғимаратқа тек жеке басын куәландыратын құжатын көрсетіп, арнайы «Келушілерді тіркеу журналына» (кірген-шыққан уақыты, келу мақсаты, баратын қызметкері жазылып) тіркелгеннен кейін ғана кіргізілсін;

- Оқу үдерісі жүріп жатқан уақытта бөгде адамдардың дәліздер мен оқу кабинеттеріне еркін өтуіне қатаң тыйым салынсын;

- Ата-аналармен немесе сыртқы тұлғалармен кездесу мектептің бірінші қабатындағы арнайы күту орынында немесе кезекші әкімшінің бақылауымен ұйымдастырылсын;

- Сабақ уақытында оқушыларды мектептен сыртқа жіберуге үзілді-кесілді тыйым салынсын. Ерекше жағдайларда оқушыны мектептен тек сынып жетекшісінің немесе кезекші әкімшінің жазбаша рұқсатымен және ата-анасының жеке келуімен ғана жіберуге рұқсат етілсін.

4. Техникалық қауіпсіздік құралдарының жай-күйі бойынша:

- Директордың шаруашылық ісі жөніндегі орынбасарына турникеттердің, дабыл батырмаларының (КЭВ / тревожная кнопка), Жедел басқару орталығына (ЦОУ) интеграцияланған бейнебақылау камераларының, дыбыстық құлақтандыру жүйесінің тәулік бойы үзіліссіз, ақаусыз жұмыс істеуін күнделікті тексеру жүктелсін;

- Тексеріс қорытындылары ай сайын «Инженерлік-техникалық құралдардың жұмысын есепке алу журналына» тіркеліп отырсын.

5. № 235 бұйрыққа сәйкес мектепке әкелуге қатаң тыйым салынған және пайдаланылуы шектелген заттарды қадағалау бойынша:

- Мектепке атыс, суық және лақтырылатын қаруды, оларға ұқсас кез келген бұйымдарды, кескіш-тескіш құралдарды (пышақ, қайшы, ұстара т.б.), жарылғыш және тұтанғыш заттарды (пиротехника, сіріңке, оттық), улы, химиялық, психотроптық заттарды, электрондық темекілер мен вейптерді, сондай-ақ газ баллондарын әкелуге үзілді-кесілді тыйым салынсын;

- Күзет қызметкерлеріне, кезекші әкімшілер мен мұғалімдерге өткізу бекетінде күдікті үлкен сөмкелер мен заттар байқалған жағдайда қол металл іздегіш (ручной металлодетектор) арқылы қарап-тексеру жүргізу міндеттелсін;

- Қауіпті немесе тыйым салынған заттар анықталған кезде оны иеленушіні оқшаулап, мектеп директорына, АӘТД оқытушысына және ювеналды полиция инспекторына дереу хабарлау жүктелсін.

6. Төтенше және дағдарыстық жағдайлар кезіндегі даярлық бойынша:

- АӘТД оқытушы-ұйымдастырушысына мектеп қызметкерлері мен оқушылары үшін жылына кемінде 2 рет (күзгі және көктемгі кезеңде) № 117 бұйрық алгоритміне сәйкес ғимараттан шұғыл эвакуациялау және қарулы қауіп төнгенде бұғатталу (баррикадирование) бойынша практикалық оқу-жаттығуларын өткізу тапсырылсын;

- Мектептің барлық эвакуациялық қосалқы шығу есіктерінің бос болуын, оңай ашылатын құлыптармен (антипаника жүйесімен) қамтылуын шаруашылық бөлімі тұрақты қадағаласын.

7. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өз құзырымда қалдырамын.

№ 6 орта мектеп директоры Г.Сардарбеков

«Бекітемін»
№6 орта мектеп директоры Ғ.Қ.Сардарбеков

2026 - 2027 оқу жылына арналған терроризмге қарсы іс-қимыл және объект қауіпсіздігі жоспары

Негізі: Терроризмге қарсы іс-қимыл туралы бұйрық.

Мақсаты: Мектептің терроризмге қарсы қорғалуын, өткізу режимін және төтенше жағдайда әрекет ету дайындығын қамтамасыз ету.

№	Іс-шара мазмұны	Мерзімі	Жауаптылар	Нәтиже/дәлелдеме	Бақылау
1	Объектінің қауіпсіздік құжаттарын және өткізу режимін тексеру	Қыркүйек	Әкімшілік, шаруашылық қызмет	Акт	Директор
2	Келушілерді тіркеу журналы мен кезекшілікті бақылау	Күнделікті	Кезекші әкімшілік, күзет	Журнал	ДТІЖО
3	Күдікті зат анықталғандағы әрекет алгоритмін түсіндіру	Қыркүйек	АӘД мұғалімі	Нұсқаулық	Директор
4	Эвакуациялық оқу-жаттығу	Тоқсан сайын	Әкімшілік, АӘД, ТЖ мамандары	Акт, фото	Директор
5	Мектеп аумағын полиция инспекторымен бірлесіп зерделеу	Тоқсан сайын	Инспектор, әкімшілік	Акт	Директор
6	Камералар мен дабыл/байланыс құралдарының жұмысын тексеру	Ай сайын	Бағдарламашы, шаруашылық орынбасары	Техникалық акт	Директор
7	Жылдық қауіпсіздік қорытындысы	Мамыр	Жауапты тұлғалар	Анықтама	Директор